

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2022, № 1 (97)**

**1 /2022**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым Комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

**Жауапты редактор:**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшылар:**

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель:**  
Министерство Образования и науки Республики казахстан  
Комитет Науки  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**  
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

**Адрес редакции:**  
050100, Республика Казахстан,  
г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова  
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>  
Тел.: +7 (727) 272-46-54.  
E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан  
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно  
делается ссылка на журнал.

**Founder:**

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Committee of Science  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

**Chief editor**

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board:**

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Technical secretary**

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

**Editorial office address:**

050100, Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Shevchenko str., 28  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov  
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com) .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan  
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,  
a link to the magazine is necessarily made.

## ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЕЛІК МИССИОНЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Мұхатова Оразгүл<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

\*Автор корреспондент  
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Түйіндеме.** Мақалада Қазақстандағы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы орыс православие шіркеуінің қазақ даласындағы қызметі ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі 64 және 44-қор құжаттары бойынша талданады. ХІХ ғасырдың 60-жылдары Қытайдан Жетісу облысының Сарқан, Қапал, Көксу, Верный, Түрген елді мекендерінде қоныс аударған қалмақтардың христиан дінін қабылдаулары, шоқындыру рәсімдері туралы баяндалады. Сарқанда қытай эмигранттары үшін ашылған миссионерлік мектептің жұмысы, оған бөлінген қаржы, миссионердің атқарған жұмыстары архив деректері негізінде қарастырылады. Сарқанда миссионер болып тағайындалған Диамид Чернявскийдің атқарған жұмыстары және генерал-губернаторға берген есептері, жазған хаттары, олардың мазмұны ашылады. Келесі священник Василий Покровскийдің күнделікті үгіт-насихат жұмыстары және басынан кешкен жекелеген оқиғалар туралы баяндалады. Миссионердің жұмысындағы қиындықтар мен кедергілер Қазақстанның өзге аймақтарындағы миссионерлік қызметпен салыстырмалы түрде көрсетіледі. Христиан дініне енгендерді казак әлеуметтік тобына қосу мәселесінің орын алғандығына назар аударылады. Верныйда жаңадан шоқынғандардың есімдері мен тектерін өзгерткен оқиғалар айтылады. Христиан дініне енгендерге жәрдем ақы беру, кәсіпке үйрету, жер телімдерін беру және т.б. нақты мысалдар бойынша жүйелі түрде көрсетіледі. Алтай және Қырғыз епархияларының Том миссиясының жыл сайын атқарған жұмыстары туралы есеп тарихи дерек ретінде талданады. Қазақтарды христиан дініне тартуда уағыздардың жүргізілуі және оған жергілікті тұрғындарды көбірек тарту мақсатындағы құйтырқы әрекеттері сөз етіледі.

**Кілт сөздер:** қалмақтар, Жетісу, Сарқан, миссионер, қызмет, православие, мектеп, казак, насихат, шоқындыру.

*Мақала ҚР БЖҒМ АР08855385 «Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі және нәтижелері (ХІХ ғ. екінші жартысы-ХХ ғ.басы)» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.*

МРНТИ 03.20

## ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРАВОСЛАВНЫХ МИССИОНЕРОВ В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ ХІХ ВЕКА

Мухатова Оразгуль<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы

\*Автор корреспондент  
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Аннотация.** В статье анализируется деятельность Русской Православной Церкви в казахской степи во второй половине ХІХ века на основе документов фонда 64 и 44 Центрального государственного архива Республики Казахстан. Излагается об обращении в христианство и крещении калмыков, переселившихся из Китая в 60-х годах ХІХ века в населенных пунктах Сарқан, Капал, Коксу, Верный, Түрген в Жетысуйской области. Рассматривается работа миссионерской школы, открытой для китайских эмигрантов в Сарканде, выделенные на нее средства, деятельность миссионера на основе архивных источников. Раскрываются выполненные работы Диамида Чернявского который был назначен миссионером местности Сарканд, содержание его отчетов, писем направленные генерал-губернатору. Излагается ежедневные агитационные работы и события, пережитые священником Василием Покровским. Трудности и препятствия в работе миссионера показываются в сравнении с миссионерской деятельностью в других регионах Казахстана. Анализируется вопрос включение христиан в социальную группу казаков, который своевременно

обращалось огромное внимание. Рассматриваются события, связанные с изменением имен и фамилий новокрещённых в Верном. На конкретных фактах системно показывается выплата пособий, обучение ремеслу, отрезки земельных наделов и др. Годовой отчет об ежегодной проделанной работе Томской миссии Алтайской и Киргизской епархий анализируется как исторический материал. Излагается агитационные работы миссионеров по вовлечению казахов к христианской религии и их различные действия в деле привлечения местных жителей к православной религии.

**Ключевые слова:** переселенцы, Жетысу, Саркан, миссионер, деятельность, православие, школа, казак, проповедь, крещение.

IRSTI 03.20

## ORTHODOX MISSIONARY ACTIVITIES IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY

Orazgul Mukhatova<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ch.Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Abstract.** The article analyzes the activities of the Russian Orthodox Church in the Kazakh steppe in the second half of the XIX century on the basis of documents from fund 64 and 44 of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan. The article describes the conversion to Christianity and baptism of Kalmyks who migrated from China in the 60s of the XIX century in the settlements of Sarkan, Kapal, Koksus, Verny, Turgen in the Zhetysu region. The work of the missionary school, open for Chinese emigrants in Sarkan, the funds allocated for it, the activities of the missionary based on archival sources are considered. The work reveals the work performed by Diamid Chernyavsky, who was appointed a missionary of the Sarkan area, the content of his reports, letters sent to the Governor-General. Describes the daily campaign work and events experienced by the priest Vasily Pokrovsky. Difficulties and obstacles in the work of a missionary are shown in comparison with missionary activities in other regions of Kazakhstan. The question of the inclusion of Christians in the social group of the Cossacks is analyzed, which in a timely manner received great attention. The events related to the change of the names and surnames of the newly baptized in Verny are considered. On specific facts, the payment of benefits, training in crafts, pieces of land, etc. are systematically shown. The annual report on the annual work done by the Tomsk mission of the Altai and Kyrgyz dioceses is analyzed as historical material. The campaigning work of missionaries to involve Kazakhs in the Christian religion and their various actions in attracting local residents to the Orthodox religion are outlined.

**Key words:** Immigrants, Zhetysu, Sarkan, missionary, activity, Orthodoxy, school, «Cossack, sermon, baptism.

**Кіріспе.** Қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі уақыттарда империяның Қазақ елінің барлық салаларын, соның ішінде күнделікті тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін терең зерттеп, рухани отарлаудың бағыт-бағдарын анықтағаны белгілі. Рухани отарлауда жергілікті халық өкілдеріне орыс тілінде білім берумен қатар оларды христиан дініне тарту да келелі міндеттердің бірінен саналып, күн тәртібіне шығарылды. Бұл міндетті жүзеге асыруда барлық мемлекеттік құрылымдар, соның ішінде халыққа білім беру министрлігі және рухани істер департаменті жұмылдырылды. Православие шіркеуі аталғандардың қызметіне қолдау жасаса, мемлекеттік қазна атқарылатын шараларға дер кезінде қомақты қаржы бөліп отырды. Осыған орай қазақ халқын орыстандыру, христиан дініне, яғни православиеге енгізіп, шоқындыру мақсатында миссионерлік қызмет стандарт мен мектептер ашылды. Үкіметтің өзі православиені шіркеулерінің жұмысына қолдау көрсетіп, оларды ынталандырып отырды. Ал жоғарғы діни басшылар жекелеген аймақтарда христиан дінін уағыздау мақсатында кішкентай болса да шіркеулер салуды қолға алды. Байырғы тұрғындардың әлеуметтік-қоғамдық құрылымын бұзуға негізделген реформалар да орыстандыру саясатын байыппен жүргізуге дем берді. XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап қазақ даласына өз еріктерімен қоныс аударған орыс үкіметінің әлеуметтік тірегіне айналуға тиіс орыс шаруалары да діни біртұтастыққа көлеңке түсіруге септігін тигізді. Оған себеп 1868 жылы құрылған «Қоныс аудару комитетіне» миссионерлік сипат беріліп, осы бағыттағы қызметті жандандыру тапсырылды. Сол уақыттан бастап православиелік, астарында орыстандыру, шоқындыру саясаты бүркемеленіп жатқан миссионерлік қызмет қазақ халқының ұлттық біртұтастығы мен бірегейлігінен ажыратуға, дәстүрлі дінінен алшақтатуға бағытталды. Осы мақсатта 1869 жылы

ұлы жүз аумағы жаулап алынып, Ресейдің құрамына енгізілгеннен кейін Түркістан епархиясы құрылды. Қазақтар арасында миссионерлік жұмыстар, православие дінінің негіздерін уағыздау бір мақсатта, жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осы жылдың 21 қарашасында Орынбор православиелік миссионерлік қоғамының епархиялық комитетінің негізі қаланды. 1875 және 1881 жылдары құрылған Орынбор және Омбы епархиялары өзінің қызметінің аясына Дала генерал-губернаторлығына тиесілі Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының тұрғындарын қамтыды. 1882 жылы Том епархиясында Семей облысы үшін Қырғыз миссиясы ашылып, 1894 жылы 30 сәуірдегі Синод жарлығымен бекітілді. 1895 жылы Том және Тобыл епархиясының Қырғыз миссиялары бір басқармаға біріктіріліп, дербес Омбы епархиясына бағындырылды. Оның резиденциясы болып Семей белгіленді (Нұрбаев, 2020). Осылайша миссионерлік қызмет Қазақ елінің барлық аймақтарын қамтыды. Жетісуда мұндай жұмыстар XIX ғасырдың алпысыншы жылдарының соңынан басталды. Патшалық Ресейдің Қазақ елін рухани отарлаудағы миссионерлік қызметті пайдаланып, көдеге асыруға ұмтылу үдерісін зерделеу төл тарихымызды шынайы, тарихи тұрғыда зерттеуде маңызды оқиға болып табылады. Мәселені зерттеу бір жағынан тарихтың ашылмаған қырларын айқындауға септесе, екінші жағынан қазіргі кезеңдегі діни экстремизмнің мәнін түсінуге жол ашады. Сол себепті тақырыптың өзектілігі дау тудырмайды.

**Зерттеу әдістері.** Мәселені кешенді зерделеу үшін тарих ғылымдарында кеңінен пайдаланылатын тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалары қолданылды. Жалпыметодологиялық қағидалар және кешенді, әмбебап зерттеу бағыттары XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ Еліндегі орыс үкіметінің миссионерлік қызметінің бағыт-бағдарын, мақсатын және сипатын архив құжаттары негізінде терең әрі салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеуде арнайы деректанулық және архивтанулық әдістер талдау, синтездеу, фактілік, сыни, тұжырымдамалық, контент талдау, мазмұндық талдау, жүйелеу кеңінен пайдаланылды.

Қазақ даласындағы православиелік миссионерлік қызметтің мазмұнын ашуға тікелей септесетін архив құжаттарының дерек ретіндегі апаратының шынайылық дәрежесін анықтау әдісі қолданылды. Сондай-ақ автор миссионерлер қызметінің бағыты мен мазмұнын сипаттауда деректанудың өкілеттілік, яғни репрезентативтілік әдістеріне сүйенді. Сонымен қатар арнайы тарихи және тарихнамалық әдістер нақты талдау, логикалық талдау, салыстырмалы-тарихи, ретроспективті, өзектілік, қорыту, баяндау кеңінен пайдаланылды. Зерттеу тарих ғылымдарының тұжырымдалары мен теорияларына сүйенді, өйткені олар белгілі бір мәселені мерзімдемелік тұрғыда архив деректері бойынша талдауға мүмкіндік береді.

**Талқылау.** Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы 64 және 44-қор құжаттары құрайды. Өз кезегінде елінің ертеңіне жат елде жүріп алаңдаған, талай еңбектерді дүниеге әкелген Мұстафа Шоқай орыс миссионерлігі тарихына қалам тартты. Алаш азаматының сүбелі еңбегі православиелік миссионерлердің қызметін зерттеуде дереккөзі болып саналады (Шоқай, 2007). Қазан діни академиясы жанындағы мұсылмандарға қарсы миссионерлік бөлімі студенттерінің еңбектері топтастырылып, XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдары үзбей шығып тұрған жинақтың да мәселені зерттеудегі маңызы зор (Казань, 1894).

Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы православиелік миссионерлік қызмет тарихы – отандық тарих ғылымында негізінен зерттелген тақырыптардың бірі. Мәселе бойынша іргелі зерттеулер орын алмаса да бірқатар еңбектер, ішінара диссертациялар да дайындалған. Осы орайда Ғ.К. Батырхановтың (Батырханов, 1997), А.С. Тасмағамбетовтың (Тасмағамбетов, 2009), Ю.А. Лысенконың (Лысенко, 2010) диссертацияларын айтуға болады. Бұлардан өзге патша үкіметінің миссионерлік қызметін әр қырынан зерделеген біраз мақалалар жарық көрді. Солардың қатарына Ж. Нұрбаевтың (Нұрбаев, 2020), А. Раздықованың (Раздықова, 2011), С. Абжаловтың (Абжалов, 2005), А.К. Хамитованың (Хамитова, 2008), Орамах Жанжігіттің (Орамах, 2017), Т.Ю. Красовицкаяның (Красовицкая, 2014) еңбектерін жатқызуға болады. Зерттеушілердің барлығы дерлік орыс православие шіркеуінің қазақ даласындағы миссионерлік қызметін қарастырды. Мәселен, С. Абжалов христиан миссионерлігінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін айқындаса, Ж. Нұрбаев Солтүстік Қазақстан, Торғай жерлеріндегі, ал Орамах Жанжігіт Бөкей ордасындағы жұмыстарын архив құжаттары бойынша зерттеді. А. Раздықова болса миссионерлікті топонимика ауқымында қарастырды. А.К. Хамитова шіркеудің миссионерлік әрекеттерін, Т.Ю. Красовицкая Қазан мен Түркістандағы православие миссионерлерінің ислам зияткерлеріне берген бағасын зерттеу нысанына айналдырды. Дегенмен XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жерлеріне қоныс аударылған қытай эмигранттарын шоқындыру арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Айта кетерлік жайт, орыс миссионерлігі тарихы негізінен зерттелгенімен архив құжаттары толығымен ғылыми айналымға түсіріле бермеді. Осы жағынан келгенде біз дайындаған ғылыми зерттеу өз жаңалығымен ерекшеленеді.

**Нәтижелер.** XIX ғасырдың 60-жылдары Қытайдағы мұсылман көтерілістерін басудың зардаптарынан көтерілісшілер Ресей империясының аумағына қоныс аударуға мәжбүр болды.

Маньчжурлар, қалмақтар тәрізді этникалық топтар Жетісуға келіп, облыстың Қапал, Көксу, Верный және тағы басқа жерлеріне орналасты. Қапал уезінің Сарқан, Көксу елді мекендерінде 1008 тұрақтады. Қапал уезі бастығының пікірінше, әлеуметтік жағдайлары мүшкіл қалмақтарды жері шұрайлы, егіншілік пен мал шаруашылығына қолайлы Сарқан елді мекеніне орналастыру тиімді делінді. Қытай эмигранттарын орналастыру барысында оларды жермен, үй-жаймен қамтып, мәртебелерін анықтау қажет болды. Осы бағытта эмигранттардың Ресей бодандығын және праславие дінін қабылдаулары тиіс мәселе стратегиялық жоспардың бірі тармағы болып саналды. Маңызды міндетті іске асыруда 1868 жылы 10 қазанда Сарқанда қытай эмигранттары үшін миссионерлік мектеп ашу қолға алынды. Ол үшін Батыс Сібір әскери округы мемлекеттік кеңес пен мемлекеттік экономика департаментінен 1867 жылы 15 сәуірде Ресей бодандығына кірген және православие діні қабылдағысы келген қытайлық эмигранттарға арналған мектепке діни қызметкерді (бұдан әрі – священник), шіркеу қызметкерін (церковный причт) және мұғалімін ұстау үшін жыл сайын қазнадан 920 рубль қаржы бөлуді өтінген ұсыныс жасалды (ҚР ОМА, 29261:1). Ұсыныс қабылданып, бөлінген қаржы 1868 жылдың 29 қаңтарында мемлекеттің Бас Интенданттық басқармасының шығыс сметасына жыл сайын 920 рубль түрінде енгізіліп, бекітілді (ЦГА РК, 29261:2). Осы шешім Жетісу облысының әскери губернаторы Копаковскийге хат түрінде жеткізілді. 1868 жылдың қаңтарынан бастап мектепке 920 руб., соның ішінде приход священнигіне 300 руб., шіркеу қызметкеріне 120 руб., мұғалімге 400 руб., оқу құралдарын сатып алуға 50 руб., жалдамалы жұмысшылар мен күзетшіге 50 рубль бөлінетін болып шешілді. Бұл жөнінде Түркістан әскери округының интенданттық басқармасы қаржы бөлімінің 1868 жылдың 24 қаңтардағы әскери губернатордың атына жазылған хатта 920 рубльді Түркістанның 11-ші линиялық батальонының поручигі Оманның губернатордың кеңсесіне апарып беретіндігі турасында баяндалды. Интенданттықтың шығындар бөліміне қаржыны алғандығы хабарлама жіберілуі керектігі ескертілді. Оған қоса проручик Оманға белгіленген түбіртекте беру қажеттілігі тапсырылды (ҚР ОМА, 29261:31). Қаражат мәселесі шешіліп, миссионерлік мектептің діни қызметкері болып Диамид Чернявский тағайындалды. Д. Чернявский өзінің қызметін адал атқарып, істеген істері туралы есеп беріп отыруға міндеттелді. Осыған орай Д. Чернявскийдің 1868 жылы 23 қарашада Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковскийге жазған хатында өзі тұратын үйді жалға алғаны, миссионерлік қызметті бастап, қалмақ балаларын орыс тілінде оқытып жақтандығы жөнінде айта келе, одан шіркеуге қажетті икона тақтасының (иконостас) қайсысына тапсырыс бергендігін сұрағаны жайлы айтылды. Бұған қоса уақытша шіркеу тұғызылуы туралы жазылды. Миссионерлік мектептің ашылғандығын және онда 24 ер баланың оқып жатқандығы қуанышпен жеткізілді. Бастапқы сәтте бұл көрсеткіш жеткілікті делінді. Дегенмен де балалардың мектепке үнемі келіп жүрулеріне алаңдайтындығын жасырмады. Священник әскери губернатордан өзінің миссионерлік ісі бойынша келіп түсетін қаржыны тіркеп отыратын дәптер жіберуін өтінді. Мұндай дәптерді сұрауының өзіндік себебін былаша түсіндірді: «Жақында болған бір оқиға мені осы ойға жетеледі. Көпес Маслов қалмақтарға деп 3 рубль ақша берді және ақшаны кітапқа жазып қоюға ниет білдірді. Масловтан басқа қайырымды жандардың миссионерлік істің дамуына қосқан үлестеріне арналған кітаптың болуы зиян тигізбейді» (ҚР ОМА, 29261:20). Священник әрбір басқан қадамын, жасаған әрекеттерін әскери губернаторға баяндап отырды. Мәселен, 1868 жылдың 23 қарашасында жазған рапортында «Мен өзімнің ақшамды біздің іс жүргізуші мен аудармашыға жұмсадым. Жоғары мәртебелі мырза, православие сенімін қабылдаған қалмақтардың іс жүргізуші мен аудармашыға жұмсалған қаржыны маған қайтару туралы бұйрық шығаруыңызды өтінемін. Сол кезде менің ақшам өзіме қайтарылар еді» (ҚР ОМА, 29261:31), – деп жазды. Мұның өзі миссионердің өзіне тапсырылған міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға ұмтылысын көрсетеді. Осыған священниктің мына бір рапорты дәлел бола алады, дегенмен қаржы жағынан ол үнемі әскери губернатордың көмегіне зәру болып отырған. Рапорт 1868 жылдың 17 қаңтарында жазылған. Онда былай делінген: «Сарқан елді мекеніне жақын жерде тұратын жаңадан шоқынған қалмақтар үшін жиналмалы шіркеу салуға менде қаражат жоқ: а) менен ақша сұраған мердігер ағаш шеберіне деп 100 руб. талап етеді; б) үш пұт қажетті заттарды тасу үшін жергілікті бағамен 15 рубль қажет болды; г) шыныларымен қоса терезе жақтауларына 50 рубльден кем емес ақша төлеу қажет; д) киізді қабырғаларға қағуға бір пұттай шеге қажет. Жалпы айтқанда, тордан шіркеу тұрғызуға кететін шығын 200 рубльден кем болмайды. Қаражат түскен бойда жиналмалы ғибадатхананы салуды бастауға дайынмын» (ҚР ОМА, 29261:32). 1869 жылы 31 наурызда Жетісу әскери губернаторының атына жазылған хатта Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі Петербордың губерниялық қазнашысының мың рубль (күміс ақшамен) қаржыны салынып жатқан эмигранттардың ғибадатханасына қажетті заттарды, киім-кешек пен кітаптарды сатып алуға жоғары мәртебелінің бұйрығымен бөлінгендігін хабарлады. Генерал-губернаторға бұл қаржының жұмсалғандығы турасында уақытылы есеп беруді өтінді (ҚР ОМА, 29261:44).

Мектеп ашылып, эмигранттардың балалары оқи бастағанымен, жиналмалы ғибадатхана салуға қаржы бөлінгенімен миссионердің жұмысы қарқын алуы былай тұрсын, ол бір орнынан



жылжымады. Ақыры Д. Чернявскийдің өзі қызметтен кетуге мәжбүр болды. Ол науқасына байланысты өзін қызметтен босатуды өтініп, әскери губернатордың атына арыз жазған. Архив қорында осындай мазмұндағы бірнеше өтініш тіркелген. Нәтижесінде оның өтініші қанағаттандырылып, оның орнына священник болып Василий Покровский тағайындалды. Бұл діни қызметкер де жұмысында біраз қиындықтарды бастан кешірді. Бастапқыда оның үгіт-насихатына қоныс аударушылар құлақ аса қоймады. Қызметіндегі қиындықтарын 1869 жылдың 17 қаңтардағы генерал-губернатор Колпаковскийге жазған хатында жасырмай жеткізді. «3 сәуірде жазылған бірінші хатымда мен сізге шоқыну рәсімінен өткен Сарқан қалмақтарының өздерінің құлшыныстары мен бейімділіктерін шіркеуге білдірмейтіндігін, сондай-ақ олардың ескі әдет-ғұрыптарымен, ұлттық киімдерімен, шаш бұрымдарымен және т.б. қоштасқылары келмейтіндігін хабарлау құрметіне ие болдым. Олардың сыртқы келбеттерінен шоқынған адамдарға ұқсағандары дұрыс болар еді» (ҚР ОМА, 29261:139), – деген хаттың мазмұнынан В. Покровский жұмысының өрге баспай жатқандығы анық байқалады. Орын алған жағдайда өзін ақтау үшін қолынан келгенін бәрін жасап жатқандығын да бүкпесіз жеткізді. Оған дәлел оның мына сөздері: «Менің миссионер ретіндегі ұзақ мәлімдемем және ол олармен қатардағы қарапайым адам ретінде сөйлесуім әзірше еш нәтиже бермеді. Мен олардың өздерінің бодандықты қабылдағанын және шоқыну рәсімінен өткендерін, ақырында өздерінің жеке қалауы бойынша казактардың қоғамына еруге ниет білдіргендерін айттым. Бұлардан кейін бұрынғы қалмақша өмір сүру, жаңа қалмақ киімдерін тігу, шаш қою шіркеуге деген мейірімділікті білдірмейді, бұл Құдайды және Ресей үкіметін алдауды білдіреді» (ҚР ОМА, 29261:139)

Осындай үгіт-насихат істерімен күнделікті айналысып отырғандығын басынан кешкен жекелеген оқиғалар арқылы хабарлап отырды. Мәселен, неке қиюға келген ерлі-зайыптылардың әрекетін сол күйінше жеткізді. «Кеше маған екі қара қалмақ жұбы неке қиюға келді. Менің ескертуіме қарамастан, күйеу жігіт шаш бұрымымен, ал қалыңдық өздерінің ұлттық көйлегімен, бас киімімен келді. Тіпті шоқынуды қаперлеріне де алмайды. Мен олардың санасына шіркеуге бару керектігін, шоқынуды үйреніп, оны дәстүрге айналдыру және құдайға сенудің қажет екенін қайталаудан жалықпадым. Содан кейін қалыңдық пен күйеу жігіттің әкелерін мектепке шақырып алып, олармен сөйлесіп, сендіруге тырыстым. Мен олардың ұлттық киімдерін кесе де шаштарын кесіп, бас киімдерін шешуді талап еттім. Дегенмен қалмақ киімдерін орыс шаруасының киіміне ауыстыруларын қадап айттым» (ҚР ОМА, 29261:200), – дегені осының айғағы. Миссионер ретінде жаңадан шоқынғандарды өзінің айтқандарына көндіру және діттеген жеріне жету үшін өлке басшысына қалмақтарға шіркеу талаптарын орындатуда ауызша сендірудің аздық ететіндігін, заң талаптарын енгізу қажеттілігі турасында өз ойын батыл білдірді. Осыған баса назар аударуды өтінді. Орын алған жағдайдан Жетісу казак әскері І-атты полкінің командирі әскери старшина Половцевті де құлақдар етті. Шоқынған эмигранттардың В. Покровскийді тыңдамайтындығын старшинаның 1870 жылы 3 наурызда әскери губернатордың атына жазылған рапорттан көруге болады. Рапортта жаңадан шоқынғандардың миссионер В. Покровскийдің үгіт-насихатына құлақ аспайтындығы туралы Сарқан елді мекенінің әскери басшысына хабарлағандығын жазды. Жаңадан шоқынғандар миссионердің кеңесіне назар аудармай, әдеттегіше қалмақ киімін киіп, шаштарын өріп қоятын болса, оларға қарсы шара қолдану керектігін алдыға тартты. Рапорттың көшірмесін Сарқан елді мекенінің уряднигі Копейкинге жібергендігін жеткізді. Урядниктен жағдайға көңіл аударып, қарастыруды тапсырды (ҚР ОМА, 29261:201). Урядник Копейкин де бірден Жетісу казак әскері І-атты полкінің командирінің атына рапорт дайындады. Рапортта миссионерді тыңдамай ұлттық киімін киіп, бұрымдарын кесуден бас тартқан, Ресей бодандығын қабылдаған қалмақтарды жинап, В. Покровскиймен бірлесіп, тағы да насихат жүргізгендерін баяндады. Қалмақтарға өздерінің дәстүрлерін ұстанып жүруге болмайтындығы туралы нұсқаулықты хабарлағанын жазды. Алайда миссионер В. Покровскийдің көзінше қалмақтардың оның зорлығына тайсалмай жауап беріп, «бұрымымызды кестіруге қарсымыз, одан да басымызды алыңыздар» дегендерін жеткізіп, «мен олардың бұрымдарын күшпен кестіре алмаймын» (ҚР ОМА, 29261:201), – деп заңға қайшы әрекет ете алмайтындығын баяндаған. Шындығында да патша үкіметі орыс емес халық өкілдерін шоқындыруда зорлық, күштеу тәсілдерін қолданбай, материалдық қызығушылық әрекеттері арқылы оларды православие дініне енгізіп отырды. Сондай-ақ өзге халық өкілдеріне түрлі кәсіп үйрету арқылы христиан дініне тартты. Мәселен, біз әңгімелеп отырған Сарқандағы миссионерлік мектептің жанынан етікші және ағаш шеберлігіне үйрететін орындар ашылды. Сол үшін Түркістанның 12-батальнынан кәсіпке үйрететін шеберлер арнайы алдырылды. Бұл жайында В. Покровский миссионердің Г.А. Колпаковскийге 1870 жылы 4 қазанда жазған хатында айтылды. Мұның өзі Ресей үкіметінің байырғы тұрғындар өкілдерімен бірге өзгелерді православие дініне тартуда құйтұрқы шараларды ұтымды пайдаланғандығын дәйектейді. Миссионер жаңа шоқынғандардың арасында орыс тіліне үйрету ісінің алға басып жатқандығын, 29 адамға, солон және қарашақыр қалмақтарынан тағы 10 баланың қосылғандығын айта келе, егістік жұмыстарын аяқтаған эмигранттардың кейбіреулерінің етікші және ағаш шебері кәсіптерін меңгеруге құлық

танытып отырғандары туралы баяндаған. Алайда кәсіпке үйрететін екі бөлмеден кем емес ғимараттың Сарқан елді мекенінен табылмай отырғандығын және ондай ғимаратты жалдау үшін қаражаттың жоқтығына қиналатындығын қынжыла жазған (ҚР ОМА, 29261:243).

Миссионерлік қызметтің бір бағыты христиан дініне енгендерді казак әлеуметтік тобына қосу болды. Бұл да әуел баста терең ойластырылған саясат екендігін аңғартады. Осы бағытты жүзеге асыруда жаңадан шоқындырылғандар казак станицаларына орналастырылды. Сарқандағы миссионерлік мектептің діни қызметкері де Қытайдан қоныс аударылып келген қалмақтардың балаларына қатысты мәселеде бастапқыда түсінбестік танытқанымен соңында эмигранттардың балаларын казак балаларымен бірге оқытуды қолға алды. В. Покровскийдің Г.А. Колпаковскийге кезекті хатында Сарқан елді мекенінің өзінің казактарға арналған мектебінің бар екендігі, онда мұғалім казак Назаровтың сабақ беретіндігі жөнінде жазылған. Сондықтан да казак балалары мен миссионерлік мектептің балаларын қосып оқытуға қарсы екендігін ашық білдірген. Миссионерлік мектепте орыс тілін, құдай заңдарын және арифметиканың оқытатындығы, өзінің көмекшісі бар екендігін алдыға тарта келе, балаларды оқытуды ортақ түрде жүргізген жағдайда көмекшісінің немесе мұғалім Назаровтың жұмыссыз қалатындығына алаңдаған. Казак балалары миссионерлік мектепке қосылған кезде мұғалім қызметінің тоқтатылатындығын хабарлаған (ҚР ОМА, 29261:300). Алайда мәселе миссионер ойлағандай болмай шықты. Әскери губернатор Г.А. Колпаковский 1870 жылы 19 қарашада Василий Покровскийге жауап хат жазды. Хатта былай делінді: «Қытай эмигранттары казак сословиесіне енгізілді және Сарқан елді мекені қоғамының құрамына кіргізілді, сондықтан да олар басқа тұрғындар тәрізді ақысыз қоғамдық мектептің ғимаратын пайдалана алады. Ал мұғалім Назаровқа келетін болсақ, оны оқушыларымен бірге балаларды сауат ашуға оқыту міндетімен миссионер-священник Покровскийдің қарамағына беру тиімді болады. Осыны сіздің құзырыңызға мәлімет ретінде және көрсетілген өкімді орындау үшін хабарлап отырмын. Өкімді тезірек орындау және уақытты үнемдеу мақсатында оны Сарқан елді мекенінің атаманына жіберіп отырмын» (ҚР ОМА, 29261:309).

Бұдан кейінгі уақыттарда Сарқандағы миссионердің қоныс аударушылармен тіл табысып, олардың арасында қарқынды жұмыс жүргізгені байқалады. Ол миссионер Василий Покровскийдің 1871 жылы 18 мамырда Жетісу облысының әскери губернаторына жазған хатынан көрініс тапқан. Оның айтуынша, сол жылдың қаңтар-мамыр айларында Сарқан шіркеуінде 77 қытай эмигранты шоқындырылды. Олардың 36-сы ер адам, 41-і әйелдер болған (ҚР ОМА, 29261:307).

Жаңадан шоқынғандардың балалары мен казак балаларын бірге оқыту Қазақ елінің өзге де өңірлеріндегі миссионерлік мектептерде орын алды. Мәселен Бөкендегі миссионерлік училищеде жаңадан шоқынған балалар мен казак балалары бірге білім алған. Училищеде жалпы 40 бала білім алған. Мектеп жанынан шіркеу міндетті түрде қоса салынған. Шіркеуді казактер өз күштерімен тұрғызыған.

Генерал-губернатор Колпаковский Бөкендегі миссионерлік мектепке арнайы ат басын тіреген. Мектепке кіре берісте балалар: «Аспан патшасына» деп ән шырқады. Мұның өзі діни сабақтардың оқытылу деңгейінен хабар береді. Қазақ Елінің әр аймағындағы миссионерлік мектептердің өзгешеліктерінен гөрі ортақ белгілері көп болған. Сарқандағы миссионер православие дінін қабылдағандарды арнайы кәсіпке үйретуді қолға алса, Бөкен миссионері жоғары лауазымды билеушіден училище ғимаратының тар болуы себепті қыздарға арналған мектеп салып беруді өтінген. Генерал-губернатор болса ұсынысты толығымен қолдап, өзінің адютантына өтінішті жазып қоюды тапсырды. Бөкенге мұғалिमаны алдырып, оған да, мектепке де қаржы жеке қарамағынан бөлетіндігін жеткізген (ҚР ОМА, 312:4). Мұның өзі православиелік миссионерлік қызметке мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, қыруар қаржы бөлінгендігін дәйектейді.

Генерал-губернатор Колпаковский Сарқандағы миссионердің қызметін үнемі бақылауда ұстап отырса, Бөкенге арнайы сапарында осы жердің священнигінің үйіне онымен әңгімелесіп, қызметінің қыр-сырын білмек ниетпен әдейі барған. Бұл үйдегі таңғы ас үстінде генерал-губернатор миссионермен шүйіркелесіп, оның қандай да бір көмекке мұқтаж екенін сұраған. Священник қырғыз миссиясына көрсетіліп жатқан қолдауларға дән ризашылығын білдірген. Сол кезде генерал-губернатор миссионерлік іс-әрекетке кедергілер бар ма деген сауал қойған. Миссионер ешқандай күрделі кедергілердің орын алмағандығын айта келе, өкінішке орай қазақтардың жаңадан шоқынғандарды ұрлап әкеткен бірнеше оқиғалардың болғандығын атап айтқан. Шындығында қазақтар өздерінің руластарының «кәпірлердің» дінін қабылдауға үзілді-кесілді қарсы шыққан. Шоқынуға шарасыздықтан барғандардың өздерін ұрлап әкетіп отырған. Миссионердің айтуы бойынша, жазасыздықтан, қазақтар шоқынған адамды ұрлау қылмыс емес деп ойлайды, сондықтан мұндай жайт қайталана береді. Солардың бірі, жақында Бөкен казактары ұрылардың қолынан екі казакты күтқарып қалған. Қазақтар шоқынған руластарының қол-аяғын байлап, алдын-ала дайындалған жылқыларға өңгеріп, алып кетпекші болған. Алайда шоқынғандардың айғайынан казактар ұры қазақтарды ұстап алып, билік қолына тапсырған. Осындай оқиғалар қайталанбас үшін миссионер христиан дінін қабылдаған қазақтарды казак сословиесіне қосуды ұсынған.

Казактарға қосылу міндетті емес, әркімнің өз еркінде. Дегенмен казак ортасына түскендердің әскери міндеткерліктен босатылатындығы, жаңадан шоқынғандарға арналған жер қорынан ғана емес әскери жер қорынан немесе бос жақтан қазақ жерлерінен қосымша үлес берілетіндігі айтылды. Казак сословиесіне қосылғысы келмейтіндер жаңадан шоқынғандардың қоғамы құрылғанға дейін бұрынғы мекен жайларында қала береді, бірақ олардың өтініштері қазақ басқармаларына емес, жергілікті атаманға, қажет жағдайда станица атаманына берілуге тиіс болды (ҚР ОМА, 416:9). Мұның өзі патша үкіметінің жаңадан шоқынғандарға қатысты жоспарының түбегейлі ойластырылғандығын, стратегиялық мақсаты Қазақ елінің байырғы тұрғындарын біртіндеп кіріптарлықпен орыстандыру болғандығын дәйектейді.

Сарқаннан өзге Жетісу өлкесінде қытайлық эмигранттарды шоқындыру үрдісі Верныйда, Қапалда, Көксуда, Түргенде орын алды, өйткені олар осы өңірлерге де орналастырылды. Мәселен, Көксудағы жаңадан шоқындырылғандарға жәрдем ақы беру ісі арнайы қаралған. Артиллерия комитетінің әскери губернаторға 1869 жылы 16 қаңтарда берген рапортында Көксуда тұрып жатқан, Ресей бодандығын, православие дінін қабылдаған қоныс аударушыларға жәрдем ақы беруде туындаған қиындықтар айтылды. Комитет эмигранттарға арнап 275 рубль қаржыны есептеген, 1869 жылы қолдарында тек 110 руб. 16 тиын болған. Бұл қаржы Қапал мен Түргенді қоса есептегендегі жаңадан шоқынғандарға жетпейтін болғандықтан қазнадан қайта өкім шығаруын өтініп, қажетті қаражат сұраған (ҚР ОМА, 29302:4). Осыған орай Түркістан қазна палатасы 1869 жылғы 7 қарашадағы хабарламасында мемлекеттік қазна департаменті 13 қыркүйекте Ташкент облыстық қазнасына Верный уезі бойынша бас интенданттық басқарманың ерекше нұсқауымен Жетісу облысындағы қытай эмигранттарына жәрдем ақы төлеуде 16250 рубль несие бөлінгендігін жеткізген (ҚР ОМА, 312:24).

Верныйда 1869 жылы қалмақтың 19 отбасы христиан дінін қабылдап, жәрдем ақы өтінген. Оларға 5 рубльден ақша берілген (ҚР ОМА, 436:24). Бұл қаражат жаңадан шоқынғандарға өздері тұрғызып жер төлелердің (жартылай жерден қазылып, салынған баспана) төбесін жабуға арналған материал сатып алу үшін берілді. Айта кетерлік жайт, Қазақ Елінің барлық миссионерлік мектебі бар аймақтардағы жаңадан шоқынғандарға 5 рубльден беріп отырған. Ал жәрдем ақының жалпы мөлшері турасында деректер архив қорларында кездесе бермейді. Верныйдың маңындағы қоныс аударушыларға 5 рубльден өзге астық қоймасынан күзде қайтарылуға тиіс несие ретінде бидай тұқымын берді. Осылардың қарымтасы ретінде жаңадан шоқынғандардың есімдері мен тектерін өзгертіп, оларды орысшалаған. Мәселен, Верный қаласында тұрақтаған барлығы 37 қалмақтың 25 ер адамның алтауы Яков, жетеуі Стефан, жетеуі Николай, бесеуі Иван болып өзгертілген. Ал 11 әйелдер мен қыздардың бесеуіне Екатерина, бесеуіне Варвара, біреуіне Иоанна есімдері таңылған. Тектері жағынан үшеуі Семенов, алтауы Константинов, тоғызы Михайлов, төртеуі Иванов, екеуі Петров, төртеуі Дмитриев, тағы төртеуі Александров, екеуі Васильев, біреуі Ксенофонтова болып жазылды (ҚР ОМА, 29302:9).

Дегенмен қалмақтарды шоқындыру ісі үнемі өз уақытында, сәтті жүргізіле бермеген. Біріншіден, қоныс аударушылардың қаладан алыс әр жерде орналасуына байланысты, барлығын жинап, шоқындыру рәсімін өткізу қиынға түскен. Екіншіден, іске олардың барлығының көктемнен бастап, күз айларына дейін егістік басында жұмыста болуы іске кедергі келтірген (ҚР ОМА, 29302:60). Ал қыс айларында қалың қар жауған кезде де шоқындырудың рәсімін өткізу мүмкін болмаған. Мұндай жағдайларда жергілікті патша шенеуніктері байырғы тұрғындар арасынан эмигранттар ортасында насихат жұмыстарын жүргізетін, ықпалды адамдарды іздеп тауып, солардың көмегіне сүйенген. Мәселен, 1869 жылдың 19 желтоқсанында Жетісу облысы Оңтүстік Тарбағатай отрядының бастығы есаул Шмаковтың әскери губернаторға жіберген рапортында эмигранттар ортасында орыс бодандығы мен православие дінін қабылдау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын ашық түрде жүргізудің тиімсіздігі көрсетіліп, бұл істі атқаруға эмигранттарға етене таныс, қалмақтар арасында құрметті адам – Отыншы бидің баласы Нұрсапаның ниет білдіргені айтылды. Нұрсапаға есаул Шмаковтың көзқарасынша, орыс мүддесіне берілген, сенімге кірген, бірнеше тапсырмаларды уақытында, күш-жігерін де аямай, сәтті орындаған адам ретінде мінездеме берілген (ҚР ОМА, 29302:128). Нұрсапа кезекті тапсырманы да табысты аяқтап, қытай эмигранттарын Ресей бодандығын қабылдап, христиан дініне енуге көндірген. Осындай міндетті атқарғаны үшін ол 1870 жылдың 13 наурызында әскери губернатордың мақтау қағазымен марапатталған. Марапатты есаул Шмаков өз қолымен тапсырған (ҚР ОМА, 29261:211).

Миссионерлер қоныс аударушыларды христиан дініне енгізгендерін жоғары биліктегілерге, дін басыларына хабарлап қана қоймай, жұмсалған қаражат туралы да есеп беріп отырды. Священник Григорий Студитскийдің 1871 жылы 28 қаңтарда Жетісу әскери губернаторына жолдаған хатында Бақты бекінісіне жақын маңда орналастырылған қытай эмигранттарын шоқындыру рәсімі бүгешігесіне дейін баяндалған. 1871 жылы 17 қаңтар күні шоқынудың 34 қоныс аударушы және 1 казак әйелі жиналған. Рәсімді тамашалауға отряд қолбасшысы штаб капитан Гурдов, дәрігер Колежский, кеңесші поручик Алексей Яковлев, есаул Степан Новоселов, поручик Николай Попов, екі урядник,

бір унтер офицер, екі казак, екі қатардағы сарбаз, екі қайырымды әйел, бір казак жұбайы, бір әйел сарбаз қатысқан. Бұдан орыс емес халық өкілдерін шоқындырудың әскерилер үшін маңызды оқиға болғандығын аңғаруға болады. Алдымен шоқынатындардың тізімі жасалып, содан соң православие туралы сөз айтылып, жиналған казактер мен сарбаздардың алдында шоқындыру басталған. Эмигранттар рәсімге ықылас танытып, өздерінің дайын екендіктерін білдірді. Жасы ұлғайғаны, орта жастағылары, жастары және қолдарында нәрестелері бар аналар қасиетті суға шомылды. Құдай әкелер мен аналар шомылудан шыққан әрбір адамға шоқыну кезінде киетін көйлек тігу үшін ақ мата кесіндісін үлестірді (ҚР ОМА, 29302:209). Священник Григорий Студитскийдің Сергиополь уездік бастығына жазған хатында ақ матаның 137 құлашын сатып алуға, әр құлашына 25 тиыннан барлығы 38 рубль 50 тиын жұмсағаны айтылған. Жалпы миссионер 1871 жылы 31 қаңтарда Сергиополь уездік бастығының атына жазған хатында жаңадан шоқынатындарға арналған ақ мата сатып алу үшін 104 рубль 50 тиын қаржыны өз есебінен бергендігін жазды. Сондықтан да ол әскери губернаторға хат жазып, өзіне осы қаражаттың, Тарбағатайға сапарының жол шығындарының және күнделікті жәрдемақының қайтаралуын өтінген (ҚР ОМА, 29302:215).

Бұдан кейінгі келесі рәсім қасиетті Троица бейнесінің алдына келіп, шоқыну еді. Қалмақатар бұл рәсімді қуана бастады. Священник Григорий Студенскийдің айтуы бойынша эмигранттардың жүздері бал-бұл жанды. Ұзақ уақытқа созылған шоқындыру аяқталғаннан кейін поручик Бабинов оларға шай берді. Ертеңіне 18 қаңтар күні жаңадан шоқынғандар Ресей бодандығын қабылдап, үкіметке адал болуға ант етті. Ант қабылдап болғаннан кейін әрқайсысына келесіде берілетін жәрдем ақының есебінен әрқайсысына 2 рубльден (күміс ақшамен) ақша берілді. Түстен кейін олар штаб капитан Гурдовтың үйіндегі қасиетті дұға ету рәсімін орындауға қатысты және жаңадан шоқынғандар крестпен қорғанып, құлшыныспен және жағымды түрде дұға етті. Тропарий әні кезінде «Құдай, өз халқыңды құтқар» деп шырқады. Офицерлерден кейін дұға ету рәсімі аяқталғаннан кейін жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен адамдар да қасиетті су себілген крестке жақындады. Осыдан кейін олар барлығымен қоштасып, жүректеріне терең енген сеніммен, барлығына қанағатпен қарап, шығып кетті. 19 қаңтарда тағы 6 адам келіп, бодандық пен православие дінін қабылдағылары келетіндіктерін білдірді. Алайда оларға жәрдемақы түрінде берілетін қаржының жоқтығынан бұл іс кейінге қалдырылды (ҚР ОМА, 29302:209). Айта кетерлік жайт, миссионерлер өздерінің қызметін және оның нәтижесін көрсетуге келгенде ерекше ықылас танытып, оқиғаны барынша толық көрсетуге ұмтылған. Өздеріне міндеттелген істі адал атқарып жатқандықтарына биліктегілердің көзін жеткізуге барын салған. Егер Бақты бекінісіне жақын маңда қытай эмигранттарын шоқындырудағы рәсімді миссионер Григорий Студитскийдің өзі баяндаса, Бөкен елді мекеніндегі филарет Синьковскийдің қызметін дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің жанындағы шенеунік сипаттап берген. Бөкенде шоқынған қазақтар да казак елді мекенінде бірге тұрған. Егер Сарқандағы жаңа шоқынғандарға жер үлесі беріліп, егін шаруашылығымен айналысуға жағдай жасалса, Бөкенде жер учаскесін бөлуге Г.А. Колпаковскийдің өзі араласып, христиан діні қабылдаған қазақтардың әрқайсысына пайдалануға 15 десятинадан, барлығы 600 десятина егістікке жарамды жерлерді берген. Жер үлесін беріп қана қоймай, христиан дінінің талаптарын берік ұстанып, егіншілікпен ыждағаттылықпен айналысуға кеңес берді. Оның үстіне жер өңдеуге қажетті жетілдірілген еңбек құралдарын Мәскеуден алдырып беруге уәде еткен. Сондай құралдармен алқаптарды өңдеу тек қазақтарға ғана емес жергілікті казак тұрғындарына үлгі болады деп санады. Уәдеге жаңадан шоқынғандар мен казактар қатты қуанды. Генерал-губернатор уәде беріп қана қоймай, жаңа ғана христиан дінін қабылдағандарға 5 рубльден ақша үлестірді. Кентте мұндайлардың саны 12 болғандықтан, барлығы 60 рубль берілді. Ал олар болса «Құдай генерал-губернаторға ұзақ өмір берсін» (ҚР ОМА, 312:12), – деп тілек айтып, шоқынып отырған.

Қазақтарды православие дініне өткізу, шоқындыру XIX ғасырдың 80-90-жылдары біршама қарқынды жүрген. Осы жылдары Алтай және Қырғыз епархияларының Том миссиясы жыл сайын атқарған жұмыстары туралы есеп беріп отырған. Мәселен, Том миссиясының 1892 жылғы есебінде христиан дініне тағы да 25 қазақ мұсылмандарының қосылғандығы көрсетілген. Есепте «Әрине, жиырма бес адам үлкен көрсеткіш емес, дегенмен цифрлық мәліметтер Құдай сөзін насихаттаудағы жетістіктердің көрсеткіші ретінде қызмет атқарады. Бірақ христиан дінінің басты жауы болған мұсылмандардың христиан дініне бет бұрып жатқанын ескеру қажет» (Из отчета, 1893), – деп аз да болса мұсылмандардың бөтен дінді қабылдауларын мақтанышпен, қанағаттанарлық сезіммен жазған. Есепте қырғыз миссиясының көзқарасынша, қазақтардың көпшілігі таза мұсылмандар емес, исламды нашар біледі, бірақ шарифатты жақсы біледі. Олар үшін христиан дінінің өкілін өлтіріп тастау күнә емес, керісінше Алла жолындағы сауапты іс, сол үшін Құдай оған марапат береді. Қазақтар христиандарды орыстармен теңестіреді және барлық христиандарды орыс деп есептейді. Сондықтан да қазақ мұсылманына көршілес пұтқа табынушы алтайлыққа қарағанда христиан дініне өту өте қиын, сондықтан да бір қазақты болса да шоқындыру миссионерге зор қуаныш сыйлайды». Бұдан отарлаушылардың көшпелі казак халқының рухани әлемін жетік білгендігін айқын көруге

болады. Дегенмен бір қазақты болса да христиан дініне енгізу орыстандыру саясатын іске асырудың жетістігі деп түсінген. Дей тұрғанмен миссионерлік қызметтің ауыр екендігін қазақтардың рухани ұстанымен байланыстырып, қазақтар үшін көпірлердің дініне ену өліммен теңескендігін жасырмаған. Соған қарамастан жыл сайын бірлі-жарым болса да қазақтар христиан дініне өткен. Далада миссионерлер кеңінен танымал адамдарға айналған. Қазақтар оларды қабылдап қана қоймай, әңгімелерін тыңдаған. Миссия құрылғаннан бергі он жыл ішінде 200 қазақ шоқындырылған. XIX ғасырдың алпысыншы жылдары 1000 адамнан тек бір қазақ қана шоқынса, сексенінші жылдары олардың қатары көбейген. Алғашқы сегіз жылда Алтайдан Жайыққа дейінгі аралықта бір ғана миссионер болса, соңғы екі жылда олардың саны үшке жеткен.

Есепте көрсетілген мәліметті еселеу православиеге өтуге ниет білдірген барлық қазақтарды шоқындырған жағдайда ғана мүмкін болғандығы жоққа шығарылмаған. Алайда, бір жағынан жаңадан шоқынғандардың ауылдарға қашып кетуі христиан болғысы келетіндердің ниетіне кереғар әсер еткен. Қазақ ауылдарына миссионерлерді шоқындыру рәсімін өткізуді тездетуді өтініп, адасуға итермелеген ең сорақы адамдар қашқан. Ауылға қашқандар – исламды емес, еркін көшпелі өмірді аңсағандар. Қазақ даласында мұсылмандар толығымен қоныстанған және ислам дініне адал болып қалу үшін далаға қашу – өз өміріңізді қатерге тігу деген сөз. Екінші жағынан, мұсылманның санасында кейде адасушылық орын алады, миссионерге осы бір сәтті пайдалану және қазақтың христиан дініне енгізу үшін көп уақыт және күш-қайрат жұмсау керек. Ұзақ уақыт пен күш-жігерін жұмсап, шоқындыруға дайындықты бастаған кезде одан бас тартатын кездер орын алған. Мәселен, 1891 жылдың қысында Буков деген миссионерлік елді мекенге екі қазақ келген. Екі апта бойы православиe дінінің негіздерін оқып-үйреніп, кенеттен ары қарай оқығылары келмей, шоқынудан бас тартты. Ақырында олар аман-есен ауылдарына жіберілді. Осыған орай есеп беріліп отырған жылы шоқынуды ниет білдіргендердің барлығы христиан дінін қабылдамады. Ал шоқындыру рәсімінен өтуге дайын болғандары өз қолдарымен қол хат жазып, ниеттерін ресми түрде куәландырды. Осындайлар бір Бөкеннің өзінде 18 адам болған. Екі қазақты шоқынуды итермелеген себептердің бірі олардың түсінігінше, орыстар күн туатын, әлемге жарық, өмір, жылу жіберетін жаққа - шығысқа сыйынады, ал қырғыздар батысқа қараңғылық пен суық пайда болатын батысқа қарап сыйынады (Из отчета, 1893).

Есепте Құдай сөзін ең жақын тыңдаушылар әдетте жатақтар болған, миссионерлерге олармен байланысу қиындық тудырмаған. Священниктің көмекшісі – псаломщиктерді, тәлмаштарды есептемегенде жатақтар қожайындары, яғни қазақтар миссионерлерге көмекші ретінде қызмет кеткен. Ең бастысы миссия ғасырлар бойы тек ислам дінін уағыздаушылар ғана кезіп жүрген дархан далаға назар аударды. Миссионерлерге көшпелі халықтың өмір тіршілігін ескеруді тапсырған. Көктемде көктеуден мал қамы үшін көшпелілердің алыс жайлауларға, одан күзеуге, содан соң қыстауға көшетіндігін ескеру қажеттілігі айтылған. Миссионердің көктеу, әсіресе жайлауды ұтымды пайдалануды ұсынған. 1892 жылы миссионерлер 12,000 вёрст жол жүріп, уағыз жұмыстарын жүргізген. Ауылдар мен болыстар өздеріне жақын жерде орналасқан миссионерлер қонысына бойлары үйренген. Бірақ миссионерлерге күдікпен қарайтын қазақтар да кездескен. Сол себепті православиe діні туралы әңгіме барлық жерде және бірден басталып кетпеген. Әдетте қазақтардың өздері миссионерлерді әңгімеге тартатын болған. Осы сәтті пайдаланып қалуға тырысқан миссионер христиан діні турасынданы әңгімесін мұқият сақтықпен бастайтын. Мәселен, миссионер киіз үйге кіріп, сәлемдесіп алғаннан кейін «қандай жақсы ауа райы, аспан қандай ашық» деп әңгімеге шақырып отырған. «Иә, деп жауап берген қазақ Құдайдың жаратқан ісінің барлығы жақсы ғой» деп жауап береді. «Таңқаларлық емес, деп миссионер сөзін жалғастырады. Содан соң «Жаратушы Иеміз бірінші күні көкті жаратқан» деп қояды. Сұхбаттасушылар немесе жиналғандардың бәрі қызығушылық танытады, «Тәңірі алдымен көкті жаратқан ба? Біз мұны білмедік» деп жауап берді. Кейде алғашқы сөзден-ақ миссионерлік әңгіме басталып кететін. Мұндай әңгімелерге қазақтардың көзқарасы қызық. Кейде олар үйінде молда, мұғалім немесе басқа сауатты адам болмағандығын, уақыттары, әңгімені тыңдауға құлықтары жоқ екендігін сылтау етіп, миссионерге қарсылық білдірген. Егер үйде сауатты адам болса, әңгіме жеңіл басталып, жалғасып кетеді. Мұндайда қазақтар әңгімені мұқият тыңдап, миссионердің сөзін құптап, оның айтқандарына риза болғанда арқасынан қағып қояды, бірақ ұлттық мінездерінің қызу қандылығына байланысты оған қарсы шығады. Миссионер мұндай ілтипатты көргеніне қуанады, бірақ қазақтар оған «барлық айтқандарыңыз Құраннан алынған» деп жиі айтады. Долонский деген миссионер 23 ақпандағы әңгімесін былайша сипаттаған: «Сол күні маған екі қазақ келді. Қысқа сәлемдесуден кейін олардың біреуі менен «Сенде біздің тіліміздегі кітаптар бар деген рас па? Оларды оқуға болады ма?» (Из отчета, 1893), – деп сұрады. Мен оң жауап беріп, оған алдымен шоқындыру рәсіміне дайындалатындарға арналған кітапты ұсындым. Ол орыс жазуын білмейтіндіктен кітаптан бас тартты. Мен оған кітапты оқи бастадым. Сәл тыңдағаннан кейін ол тағы да кітап сұрады. Мен оған Інжілдің татар тіліндегі нұсқасын ұсындым. Ол Матфейдің бірінші тарауын оқи бастады, баяндаудың түсінікті екеніне танданып, оқығанын сол жерде отырған жаңадан шоқынған шіркеу

ақсақалына түсіндірді. Ол бір сағаттай ғана оқыды. Інжілдің әр сөзін мақтап, «Алайда, бұл кітап біздің Құраннан көшірілген!..», – деп түйді. Дәл осындай жағдай туралы Үлкен Нарынның миссионері жазды. 17 сәуірде ол бір қазақтың үйіне қонаққа барып, оның ұлы Мұхамеджанмен сұхбаттасып, оған православиелік миссионерлік қоғам мен Қазан қаласындағы Әулие Гурия бауырластық басылымдарын оқыдым. Мұхамеджанға айтылғандар мен оқылғандар ұнады. Ол қуанғанынан «Бұл Құраннан көшірілген!» деп айғай салды. Ол ілімнің христиандық екеніне сенгісі келмеді. Діни уағыздаушы үшін өз сұхбаттарының нәтижелерін, айтқандарының қырғыздың жан дүниесіне әсер етіп, із қалдырғанын білгісі келеті түсінікті әрі маңызды. Алайда қазақ айтылғандарға бірден сенбейді, естігендерін өз нанымдарымен салыстырады. Содан кейін барып, «Құдай біледі. Біз қайдан білеміз, ғалым емеспіз ғой» деп жалтарып, жауап береді (Из отчета, 1893).

Есепте өте сирек жағдайларда миссионердің айтқандарын тыңдаған қазақтар тағы да кітап оқып беруді өтінетіндігі туралы жазылған. Миссионердің баяндауынша, Құдай сөзін тыңдау үшін қазақтар өздерімен қоса басқа адамдарды ертіп келеді. Осындай оқиға миссионер С.А. Петровтың басынан өткен. Жаздың бір күні Қалба тауларында таңертең «Алғашқы мәлімет» оқу үшін ұсынылды, оқудың ұнағаны соншалықты түстен кейін қазақтар тағы бір топ адамды ертіп келді. С.А. Петров Моисей заңындағы он, Құдайға және жақынына деген сүйіспеншілік өсиеттері туралы оқып берді. Қазақтар келісіп, ықыласпен тындап, алғыс білдіріп, кетіп қалды. Киіз үйден шыға бере олар өзара алған әсерлерімен бөлісті. Қазақтардың айтқандарын киіз үйдің жанында жуынып жатқан Петровтың ат айдаушысы Бөкен қазағы кездейсоқ естіп қалды. «Сайтан алғыр, кім біледі, кітапты жақсы оқитын тәрізді! Мүмкін, орыстар өз кітаптарын біздікіне сәйкестендіріп, өздерінің сенімдеріне тарту үшін әдейі қолдан жасап алған шығар. Пікірлеріне қарағанда бұлар қазақтар емес, тыңдаушылар болған татарлар» (Из отчета, 1893). Қазақтарды мұсылман еткен татарлардың көпшілігінің уағыздарын қабылдамайды және басқалардың да қабылдағанын қаламайды». Соған қарамастан миссияның есептерінде «қазақтар өтпелі рухани-діни жағдайды бастан кешіруде, жаппай исламға да бұрылып жатқан жоқ, рулық тұрмыс шатқаяқтай бастады, қазақтар өздерінің рухани тірегіне және жан тыныштығын қалыпқа түсіретін басқа сенім іздеуге дайын» деп жазылған. Уағыздарының далаға кетпегендігін, кейбір қазақтардың санасында шатасудың орын алғандығын миссионер осылайша мақтанып жазған. Шындығында қазақтың діни рухани әлемі миссионер ойлағандай емес еді. Қазақтар жаппай бөгде дінге өтпеген. Тұрмыс мұқтажын тартқандардың немесе адасқандардың бірнеше сараны ғана христиан дінін амалсыздан қабылдауға дайын екендіктерін көрсеткен.

Миссионерлер уағыздарын далаға жасаған сапарларынан өзге әрбір ыңғайлы жағдайларда, пошта бекеттеріндегі аялдамаларда, елді мекендер арқылы өткенде, ат айдаушы қазақтармен жол үстінде жүргізе берген. Казак станицалары мен орыс деревняларына жақын орналасқан қазақ қоныстарында болып, дін туралы әңгімелерін сабақтай берген. Мысалы, Көкшетау, Ақмола, Баянауыл округтерінде миссионерлер қазақтардың казак шептеріне жақын орналасуларын, орыстармен қарым-қатынастарын, орыс халқының тұрмысымен танысуларын христиан дінін қабылдаудың алғашқы қадамдары ұтымды пайдаланған (ҚР ОМА, 436:29). Қазақтардың көшпелі шаруашылығын ескерген үкімет миссионерге ауданның шеңберінде ғана қызмет етпеуге кеңес берген. Миссионерлер бір ауылдан екінші ауылға емші немесе саяхатшы саудагер ретінде өтіп, өзін танытпай, әулиелі іске зардабын тигізбей қызмет етуі тиіс болды. Тауарларын сатуда, тұрғындармен әңгімелесуде, көмек көрсетуде Евангелия ілімін, яғни інжілді уағыздауға ыңғайлы сәтті пайдалануы қажеттілігі мұқият тапсырылды (ҚР ОМА, Д. 436:30).

Миссионерлер жазбаларының арасында Бөкен священнигі Ефрем Елисеевтің Өскемен арқылы сапары кезінде айтқан әңгімесі назар аудартады. Ефремнің сұхбаттастары молда, мұсылман мұғалімі және бірнеше татар болған. Есіктің сыртында тындап тұрған қазақтардың арқасында ертеңіне бүкіл мұсылман тұрғындар осы әңгімені оқиға ретінде айтқан. Әсерлі қырғыздар миссионерге оның молданы жеңгені үшін қолдау көрсеткендіктерін білдірген. Олар миссионерден «Айтыңызшы, сіз біздің нанымызды және өзіңіздің дініңізді жақсы білесіз бе, сіздің сеніміңіз біздікінен жақсы ма?» (Из отчета, 1893), – деп сұраған. Бұл әңгіме миссионердің осы есептің қосымшаларында басылған жазбаларында баяндалған.

Епархияның есептерінде миссионерлердің тікелей міндеттерімен қатар Құдай сөзін уағыздаумен қатар жаңадан шоқындыру рәсімінен өткен адамдардың өмірін ұсақ-түйегіне дейін ұйымдастырушысы болуларына тура келгендігі көрініс тапқан. Осы орайда миссионерлер арнайы дайындықтан өткізіліп, таңдау жасалған. Миссионерге құдайтанулық білімімен қатар жоғары адамгершілік қасиеттерімен танылуға, қазақ, араб және парсы тілдерін жетік білуге, Құран негіздерін және оның барлық түсіндірмелерін, сонымен қатар мұсылмандық құдайға құлшылық ету кітаптарын оқып-үйренуге, науқастарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге, тамақтануда, киім киюде, ұстанымдарында қарапайым қазақтармен бірдей болуға тиіс деген талаптар қойылды (ҚР ОМА, 436:21-31).

Күн сайын таңертеңнен бастап жаңадан христиан дінін қабылдаған адамдар миссионерге

өздерінің әртүрлі мұқтаждарын айтып, шағымдарымен келген. Біреулері жеуге ештеңе жоқ десе, екіншілері көйлек, аяқ киім сұраған. Өзара немесе орыстармен жанжалдасқандарға миссионер төрелік етіп, татуластыруға тиіс болады. Біресе пәтерлерінен қуып жіберген орыстарға шағым жасаған тұтас бір отбасы келген. Оларды орыстармен мәмлеге келтіру керек немесе басқа баспана тауып беру қажет. Жаңа пәтер табылмаған жағдайда миссионер өз үйінің бір бұрышынан орналастыруға мәжбүр болған. Енді біреулері жылқысын немесе сиырын ұрлап әкетті деген шағыммен келген. Мұндайда миссионер ұрлыққа шара қолдануға қажет болған. Осыған ұқсас жайттар өте көп болған. Қысқасы, барлық ірілі-ұсақты жағдайларда жаңадан шоқынғандар миссионерге келіп көмек сұраған. Миссионер оларға дұға етуді, дін ережелерін және христиан шарттарын үйретуге тиіс әрі міндетті болған. Мұндай шаралар олардың барлығын бір жерге жинауды немесе әрқайсысының үйіне баруды талап еткен. Ондайда оған тілмаш пен аудармашы мен көмекшісі зор көмегін тигізген. Құдайға құлшылық ету кезінде кейбір әндер, дұғалар қазақ тілінде айтылып, оқылған. Ораза кезінде Үлкен Нарымның миссионері құдайға құлшылық етуді апта бойы қазақ тілінде жүргізді. Дәл осындай әрекетін ол өзі қызмет еткен Бөкен тұрағында да қайталады.

Қырғыз миссиясы өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда бірқатар кедергілерге тап болып, біраз мәселенің түйінін шешуге мұқтаждық етті. Сондай кедергілердің бірі ретінде архив деректерінде байырғы халық өкілдерінің ислам дінін берік ұстануы және Мекеге қажылыққа баратындардың санының көбеюі, сапардан келгендердің тұрғындар арасында беделдерінің артуы атап көрсетіледі. Қазақтанның оңтүстік аймақтарында діни нанымның беріктігі, мұсылмандардың медреселер мен мектептерде, молладан білім алулары, олардың көзі ашық адамдар ретінде айналасындарға ықпалы кедергілер ретінде саналған. Жаңадан шоқынғандарға жер үлестерінің уақытында үлестірілмеуі, материалдық ынталандырудың да үнемі әрі тұрақты берілмеуінің салдары миссионер қызметіне көлеңке түсірген. «Христиан дінін уағыздау бұратаналар арасында толқулар тудырады» деген үрей де орын алған. Сондықтан миссионерлер уағыздарын аса сақтықпен жүргізуге мәжбүр болған. Биліктегілер мен дін басшылары ашық уағыздың жағымсыз нәтижелерге әкеп соғатындығын ескерткен. Сондай келеңсіз жағдай архипастырдың Ақмола облысына келген сапарында болыс билеушілерімен, билермен және басқа да құрметті қазақтармен әңгімесінен кейін орын алған. Діни басшының әңгімесінен кейін қазақтар өзара келісіп, Петербурға жоғары мәртебелі патша ағзамға діни сенімдерге қол сұғудан қорғайтын арнайы муфтий тағайындау туралы өтініш жазған. Осы мақсатта бірнеше рет заңсыз жиналыстар, алдымен болыстарда, кейін Арықбалық станицасында билердің кезектен тыс съезі өткізілді. Бұл жиналыстарда дін басшысының іс-әрекеттері қолдау тауып, қазақтарды христиан дініне мәжбүрлеп кіргіземіз деп қорқытқан (ҚР ОМА, 436:32). Мұның өзі орыс миссионерлерінің қызметтерін бір жағынан заң және ережелер шеңберінде жүргізуге тырысқанын, екінші жағынан христиан дініне жергілікті тұрғындарды көбірек тарту мақсатында олардан аттап кетіп отырғандықтарын көрсетеді.

**Қорытынды.** Осылайша қазақ даласындағы православиелік миссионерлердің Жетісу, Шығыс Қазақстан, Ақмола өңірлерінде жергілікті халық және қытай эмигранттары арасында XIX ғасырдың екінші жартысында атқарған қызметі архив деректері бойынша қарастырылды. Миссионер қызметінің бағыты, мазмұны, тәсілдері барлық аймақтарда бірдей болғандығына, оларға орыс үкіметінің, шіркеуінің, генерал-губернатордың тікелей басшылық жасап, қолдау көрсетіп отырғандығына көз жеткізілді. Қазақ даласының байырғы тұрғындары мен қытайлық қоныс аударушыларды христиан дініне енгізіп, шоқындыруда миссионерлер барлық айла-амалдарын, құйтырқы әрекеттерін қолданып отырған. Бір жағынан ынталандыру, екінші жағынан алдап, арбау уағыздарын жүргізген. Осыларға әрекеттердің қазіргі діни экстремизм өкілдерінің пайдаланатындығын орын алған оқиғалар дәлелдеп отыр. Сондықтан да қазақтар арасындағы орыс миссионерлерінің қызметін бүге-шігесіне дейін зерттеп, зерделеудің маңызы зор екендігі анық байқалады. Мұның өзі өткеннен сабақ алу қазақстандық қоғамның болашақ дамуы үшін қажет екендігін патшалық Ресейдің рухани отарлауының тарихын терең тану арқылы ескерген абзал деген ойға жетелейді.

### Әдебиеттер тізімі

Абжалов С. Христиан миссионерлігінің қалыптасуы және даму ерекшеліктері // Саясат. 2005. №4. 40-50 бб.

Батырханов Ф.К. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1997. 186 б.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай – ҚР ОМА). 44-қ., 1-т., 29261-іс, 1-309 пп.

ҚРОМА. 44 -қ. 1-т. 29302-іс.

ҚРОМА. 44 -қ. 1-т. 312-іс.

ҚРОМА. 44 -қ. 1-т. 436-іс.

Красовицкая Т.Ю. Исламские интеллектуалы в оценках православных миссионеров Казани и Туркестана // Вестник Кызылординского гос. ун-та им. Қорқыт Ата. 2014. №1. С. 124-130.

Из отчета Тобольского епархиального комитета православного миссионерского общества за 1892 год // Православный Благовестник. 1893. №11. (старниці не указаны).

Леопольдев А. Миссионерский противомусульманский сборник. Труды студентов миссионерского противомусульманского отделения при Казанской Духовной Академии. Казань, 1894. 315с.

Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX в). Докторская диссертация. Барнаул, 2010 // [Электронды ресурс] 2020. missionerskaya-deyatelnost-russkoi-pravoslavnoi-tserkvi-v-kazakhstane (қаралған күні: 29.01.2021).

Нурбаев Ж. Солтүстік Қазақстанды шокындыру саясаты // [Электронды ресурс] [https://e-\(history.kz/kz/news/show/3238/\)](https://e-(history.kz/kz/news/show/3238/). 2020. (қаралған күні: 19.05.2021).

Орамах Жангігіт. Бөкей ордасындағы мұсылмандық оқу жүйесі және миссионерлік саясат // Қазақ тарихы. 2017. 15-17 бб.

Раздыкова А. Миссионерство царизма через призму топонимики // Қазақстан жоғары мектебі. 2011. №1. С. 160-163.

Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII – начале XX в.: распространение, организационное развитие и миссионерство. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Уралск, 2009. 46 с.

Хамитова А.К. Қазақ даласындағы орыс православие шіркеуінің миссионерлік әрекеттері//Семей мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. 2008. №1. - 122-127 бб.

Шоқай М. Тандамалы шығармалары. Үш томдық. 2-т. Алматы: Қайнар, 2007. 352 б.

### References

Abjalov S. Hristian missionerliginin qalyptasuy jane damu erekshelikteri (Formation and features of development of Christian missionary work) // Saiasat. 2005. №4. 40-50 bb. [in Kazakh].

Batyrhanov G.K. Patshalyq Reseydin Qazaqstanda jyrgizgen missionerlik sayasaty XIX g. ekinshi jartysy – XX g. basy). Tarih gylymdarynyn kandidaty gylymy darejesin alu yshin daiyndalghan dissertaciya (Missionary policy of tsarist Russia in Kazakhstan (second half of the 19th – early 20th centuries). Almaty, 1997. 186 p. [in Kazakh].

Hamitova A.K. Kazak dalasyndagy orys pravoslavie shirkeuinin missionerlik areketteri (Missionary actions of the Russian Orthodox Church in the Kazakh steppe) // Vestnik Semipalatinskogo gos. ped. instituta. 2008. №1. P. 122-127. [in Kazakh].

Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan. F.44. Op.1. D. 29261. L.1-309.

CGA RK. F.44. Op.1. D. 29302.

CGA RK. F.64. Op.1. D.312.

CGA RK. F.64. Op.1. D. 436.

Krasovickaya T.YU. Islamskie intellektualy v ocenkah pravoslavnyh missionerov Kazani i Turkestana (Islamic intellectuals in the assessments of the Orthodox missionaries of Kazan and Turkestan) // Vestnik Kyzylordinskogo gos. un-ta im. Qorqyt Ata. - 2014. - №1. - S. 124-130. [in Russian].

Iz otcheta o missiyah Tomskoj Eparhii Altajskoj i Kirgizskoj za 1892 god (From the report of the Tobolsk Diocesan Committee of the Orthodox Missionary Society for 1892) // Pravoslavnyj Blagovestnik. 1893. №11 (pages not specified). [in Russian].

Leopoldov A. Missionerskij protivomusul'manskij sbornik. Trudy studentov missionerskogo protivomusul'manskogo otdeleniya pri Kazanskoj Duhovnoj Akademii. (Missionary anti-Muslim collection. Proceedings of students of the anti-Muslim missionary department at the Kazan Theological Academy). Kazan. 315 p. [in Russian].

Lysenko YU. A. Missionerstvo Russkoj pravoslavnoj cerkvi v Kazahstane (vtoraya polovina XIX – nachalo XXv). Doktorskaya dissertaciya. Barnaul. (Missionary work of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan (second half of the 19th – early 20th centuries). Barnaul, 2010) // [Elektronny resurs] 2020. <https://www.dissercat.com/content/missionerskaya-deyatelnost-russkoi-pravoslavnoi-tserkvi-v-kazakhstane> (Data obrashcheniya 29.01.2021). [in Russian].

Nyrbaev ZH. Soltystik Kazakstandy shokyndyru sayasaty (Baptism policy in Northern Kazakhstan) // [Elektronny resurs] 2020. [https://e-\(history.kz/kz/news/show/3238/\)](https://e-(history.kz/kz/news/show/3238/). (Data obrashcheniya 19.05.2021). [in Kazakh].

Oramah Janjigit. Bokey ordasyndagy mysylmandyq oqu jyjesi jane missionerlik sayasat (Muslim educational system and missionary policy in the Bukeev Horde) // Qazaq tarihy. 2017. 15-17 bb. [in Kazakh].

Razdykova A. Missionerstvo carizma cherez prizmu toponimiki (Tsarism missionary through the prism of toponymy) // Qazaqstan jogary mektebi. 2011. №1. S.160-163. [in Russian].

Shoqaj M. Tandamaly shygarmalary. Ysh tomdyq. 2-t. (Shokay M. Selected Works. In 3 volumes. T.II). Almaty, Kajnar, 2007. 352 p. [in Kazakh].

Tasmagambetov A.S. Istoriya konfessii Kazahstana v konce XVIII – nachale XX v.: rasprostranenie, organizacionnoe razvitie i missionerstvo (The history of the confession of Kazakhstan at the end of the 18th – beginning of the 20th century: distribution, organizational development and missionary work). Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk. Uralsk. 46 p. [in Russian].



**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

**Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.**

А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ  
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК  
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ (Очерктің II және III бөлімдері бойынша).....5

**Абдиров М.Ж.**

МУХАММЕД-ХАНАФИЯ (ЧОКАН) ЧИНГИСОВИЧ ВАЛИХАНОВ  
ОБ ЭТИМОНЕ «КАЗАК», ЭТНОНИМЕ «КАЗАХ» И ЭТНОГЕНЕЗЕ  
КАЗАХСКОГО НАРОДА (статья первая).....15

**Хамраев А.Т.**

«КИССАС УЛ АНБИЁ» НАСИРЕДДИНА БУРХАНИДДИНА РАБГУЗИ  
В КОНТЕКСТЕ ОБЪЯВЛЕНИЯ ИСЛАМА ГОСУДАРСТВЕННОЙ  
РЕЛИГИЕЙ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ.....24

**Ермуханова Х.К., Бексейтова А.Т.**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....31

**Мейрамбеков А.Қ., Закарья Р.**

XX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI Ғ. БАСЫНДАҒЫ НЕМІС  
ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ.....41

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY**

**Коргабаева Г.К., Авалиев А.А.**

ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПЕРЕПИСКА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА  
С СОСЕДНИМИ ГОСУДАРСТВАМИ (XVIII в.).....50

**Темиргалиев Р.Д.**

О ПОДСУДНОСТИ ЧИНГИЗИДОВ ТРАДИЦИОННОМУ СУДУ БИЕВ.....61

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

**Динашева Л., Сандыбаева А.**

ЛЕЧЕБНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА И ОКАЗАНИЕ  
МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ В КОНЦЕ XIX – В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....69

**Зинуров Р.Н.**

АБУЛХАИР ХАН – БАШКИРСКИЙ СЛЕД. (СОБЫТИЯ И ФАКТЫ).....77

**Мұхатова О.Х.**

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ПРАВОСЛАВИЕЛІК МИССИОНЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ.....89

**Абдулина А.Т.**

К ИСТОРИОГРАФИИ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОСЛАВНОГО  
МИССИОНЕРСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....101

**Қуанбай О.Б.**

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ САРЖАНА КАСЫМУЛЫ В НАЦИОНАЛЬНО-  
ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ВОССТАНИЯХ КАЗАХСКОГО НАРОДА В 1825–1836 ГГ.....109

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА  
SOVIET PERIOD HISTORY**

<b>Капаева А.Т., Касымова Д.Б.</b> ФОРМИРОВАНИЕ КАДРОВ В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: СТИЛЬ ЖУМАБАЯ ШАЯХМЕТОВА.....	120
<b>Ахмет А.Қ.</b> УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ: ТАСАДА ҚАЛҒАН ДЕРЕКТЕР.....	130
<b>Мырзатаева З., Алипова Д., Жұмабаева К., Сапанов С.Ж., Уалтаева А.С.</b> АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 1920-1930 ЖЖ. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ МҮНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ ОРНЫ.....	139
<b>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т., Ахметбек Б.М.</b> СӘУЛЕТШІЛЕР МЕН СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (1946-1970 жж.).....	149
<b>Бәкір Ә.Қ., Тайман С.Т.</b> М. ШОҚАЙ - МҮСЫЛМАН ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ.....	160
<b>Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А.</b> ОПИУМ ДЛЯ НАРОДА: АТЕИСТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ ПЕРИОДА «РАЗВИТОГО СОЦИАЛИЗМА».....	170

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ  
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ  
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

<b>Тоқтабай А.У.</b> ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ МЕН ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	181
<b>Орынбаева Г.У.</b> КАЗАХСКИЙ АУЛ И СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА В ПРЕДДВЕРИИ ГИБЕЛИ.....	191
<b>Жомарт Ж.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚОҢЫРАТ ТАЙПАСЫНЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ.....	200
<b>Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., Арынов Қ.С., Бахтыбаев М.М.</b> СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҮМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	209
<b>Abdigaliyeva D., Zhumabayev B., Isabayeva B.</b> THE ROLE OF SACRED SITES IN THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC TOURISM IN KAZAKHSTAN.....	219
<b>Дуванбеков Р.С.</b> О ПРОБЛЕМАХ ХРОНОЛОГИИ КАМЕННОЙ ИНДУСТРИИ ПАЛЕОЛИТА ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В ИСТОРИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ.....	226

**Рецензия  
Сын-пікір  
Review**

<b>Балтабаева К.Н.</b> РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	236
---	-----

**Басуға 29.03. 2022 қол қойылды**  
Шартты баспа табағы – 12,5  
Офсеттік басылым  
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,  
«Отан тарихы» журналының редакциясында басылды